

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Апта тақырыбы: : «Шөпте не жорғалайды?»

Білім саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Құмырсқа мен көгершін» С.Көбеев.

Мақсаты: Білімділігі: Әңгіменің мазмұнын түсіндіру,

Дамытушылығы: сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білуге,

Тәрбиелігі: жақсылық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: тақырыпқа сай суреттер, слайд арқылы көрсету. үлестірмелі суреттер.

Шаттық шеңбері: Біз балдырған тең басқан,
Дос құшағын кеңге ашқан,
Тілейміз біз тыныштық,
Ашық болсын көк аспан,
Мықты болсын іргеміз.
Бәрімізде біргеміз.

Бір қадам алға әдісімен жыл мезгідерін сұрау:

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Неше айы бар, ерекшеліктері қандай?

-Күн жылынғанда балалар жәндіктер, шыбын шіркейлердің бәрі жер бетіне шығады.

-Балалар таңертең ертемен тобымыздың есігінің алдында шарға байланған хатты көрдім, кім жіберген екен кәне ашып оқиын, не тапсырма жазылған екен. сіздерге бүгінгі тапсырма С Көбеевтың «Құмырсқа мен көгершін» әңгімесін сурет бойынша әңгімелеу, сәлеммен «Білім елі»

-Балалар әңгімені оқымай тұрып құмырсқа мен көгершін туралы видео ролик қарайық.

-Құмырсқа қандай жәндік екен ?

-Еңбекқор,

-Көгершін қандай құс?

-Бейбітшілік құсы.-

-Сурет бойынша әңгіме.

-Балалар әңгіме не туралы?

- Әңгіме ұнады ма?

-Құмырсқа қайда келді?

-Құмырсқаға көгершін қалай көмектесті

-Көгершінге құмырсқа қалай көмектесті?

Билингвальды компонент: құмырсқа-муравиник, көгершін –голубь, көл-озера.

Сергіту сәті: Ұзын мұртты құмырсқа,
Келе жатты жұмысқа,
Алды допты қолына,
Қойды допты жолына.
Оңға қарады, солға қарады.

Үлкен тау деп ойлады.

-Балалар бойымызды сергітіп алдық енде тапсырмалар орындаймыз.

1-тапсырма. Дидактикалық ойын: «Өз мекенін тап»

Мақсаты: балаларға үлестірмелі суреттер бере отырып, өз орнына орналастыру.

-Балалар жақсылық туралы мақал-мәтелді кім айтады?

Мырза болмасаңда, мейірімді бол.

Жақсылық ағаш басында.

Жамандық аяқ астында.

Жақсылық жүрген жерде,

Тапшылық болмайды.

Досы көпті жау алмайды,

Ақылы көпті дау алмайды.

2-тапсырма. Фланелограф тақтамен жұмыс. Балалар бүгінгі оқу қызметімізді аяқтай келе мен мынадай мақалмен аяқтағым келіп тұр

«Бірлік бар жерде, тірлік бар» деп бекер айтпаған екен бәріміз бірігіп жүрсек, бәріміз тату болсақ, мейірімді болсақ бақытты боламыз.

Күнді салған себебім-күніміз жарқырай берсін.

Бұлтты салғаным-аспанымыз ашық болсын.

Гүлді салғаным-жеріміз құлпыра берсін.

Көгершінді салғаным-бейбітшілік заман болсын, еліміз тыныш болсын.

Балаларды мадақтау.

-